



010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 22 маусымдағы
№ ДС-250

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Сіздердің балалардың жазғы сауықтыруын, демалысын ұйымдастыруға қатысты депутаттық сауалдарыңызға жауап жолдайды.

Қосымша: _ парақта.

Министр

Ғ.Бейсембаев

орынд.: А.Макулбекова
тел.: 741932



Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

Құрметті депутаттар!

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қатысты Сіздердің сауалдарыңызға келесіні хабарлаймыз.

Каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын ұйымдастырудағы жауапты министрліктер мен жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі 2020 жылғы 14 қаңтардағы №1 өкімінің¹ шеңберінде жүзеге асырылады.

Аталған өкімде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың құзыреттері айқындалған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (*бұдан әрі-Министрлік*) 2023 жылғы жазғы демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын ұйымдастырудың «Қазақстан – бақытты балалық мекені!» тұжырымдамасын әзірлеп, іске асыру үшін өңірлерге жолдады.

Жазғы уақыттарда балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша бірыңғай талаптар мен ережелерді бекіту мәселесі бойынша.

Балалардың сауықтыру ұйымдарында тұру жағдайларына, құрылысқа жер учаскесін таңдау, жобалау, қолданыстағы объектілерді реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау және кеңейту, қайта бейіндеу, сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, жарықтандыру, желдету, ауаны баптаға қойылатын біріңғай талаптар санитариялық қағидаларда² айқындалған.

Балалар сауықтыру ұйымдары балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары болып табылады³. Осы орайда, ҚР Білім беру және бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңы жобасының аясында «Білім туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңдарына балаларға арналған сауықтыру ұйымдарын хабарлама жасау жөнінде өзгерістер енгізуі қарастырылған. Бұл Заң жобасы балалар сауықтыру ұйымдарының электрондық тізілімін құруға және сәйкесінше қорытынды құжаттарсыз ашылмауының алдын алуға мүмкіндік береді.

Лагерьде жұмыс жасайтын мамандарға арнайы оқыту курстары ұйымдастырылып, арнайы мамандар тарту мәселесі бойынша.

Ағымдағы жылы «Жаздық сауықтыру және демалыс жолдамасы» бірегей бағдарламасы әзірленді. Онда 10 күндік күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, әр күн бағдарламасы, қызметтің мақсат, міндеттері, іс-шара

¹ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі 2020 ж.14.01 №1 өкімі

² Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 ж. 10.08 №ҚР ДСМ-78

³ ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 ж. 22.02 № 50 бұйрығы

форматы, формасы қарастырылған. Бағдарлама негізінде 20 өңірдің жауапты мамандары, сауықтыру ұйымдарының әдіскерлері ағымдағы жылдың 22 - 26 мамыры аралығында оқу курстарынан өтті. Сонымен қатар, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК балаларға арналған қосымша білім бағдарламаларын іске асыратын педагогтер мен бейіні бойынша мамандарға арналған «Каникул кезеңінде балалардың демалысы мен сауықтыруын ұйымдастырудың заманауи модельдері» атты біліктілік арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша қызметтерін іске асырады.

Лагерьлер сапасына талап қойылу мәселесі бойынша.

Министрлік қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын⁴ «Балалардың сауықтыру ұйымдары қызметінің тәртібі» атты 3-тарауымен толықтырды. Бұйрық жобасы жергілікті атқарушы органдармен келісіліп, Әділет министрлігіне жолданды. Онда балалардың сауықтыру ұйымдарының қызметінің тәртібін реттеу, түрлерін анықтау, мақсаты мен міндеттерін айқындау қарастырылған.

Лагерь атауын алмастыру мәселесі бойынша.

Министрлік «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығына өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Онда «лагерь» атауын «орталық» атауымен алмастыру мәселесі пысықталуда.

Жалпы, жазғы уақытта балаларды демалыспен, сауықтырумен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда және Министрліктің ерекше бақылауында.

⁴ ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 31.08 № 385 бұйрығы